



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ СТРАТЕГИЯСЫ МЕН ТАКТИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Оленбаева Диана Сержановна

diana olenbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ғ.Е. Керімбек

Қазақстанның нарықтық қатнастарға бағытталған экономикасының дамуы кәсіпорындардың қызмет ету мәселелеріне деген қызығушылықты күшейте түседі. Экономикалық дамыған жүйелердің немесе өтпелі жүйелердің мәселелерін шешу жеке кәсіпорындардың қаржы бөлімдеріне байланысты. Жеке шаруашылық бірліктердің тиімді, тұрақты қызмет етуіне халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейі, жалпы ел экономикасының даму тенденциялары байланысты болып табылады.

Кәсіпорындардың қаржылық қызметі өндірістік қызметпен тікелей байланысты, өйткені қаржылық жүйелері өндіріспен айырбас жүйелерімен анықталады. Ұдайы үдерісін қаржыландыруды қамтамсыздандыру мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жасалатын қаржыларының ресурс есебінен шығындарды жабу болып табылады. Қаржы ресурстарын қалыптастыру қайта бөлу тәртіптерде қаржы-банк жүйесінен өзіндік және оған теңестерілген құралдар есебінен жүзеге асырылады.

Қызмет етіп отырған кәсіпорындағы қаржылық ресурстардың негізгі көздері түсімді қайта бөлу үдерісінде кейбір бөліктері ақша ретінде табыстар мен жинақтар нысанына айналатын өткізілген өнім құны (жұмыстар мен қызметтер) шығады.

Ұдайы өндірістер шығындарының қаржылық қамтамасыз етілуі үш нысанда жүзеге асырылады:

1. өзін-өзі қаржыландыру;
2. несиелендіру;
3. мемлекеттік қаржыландыру.

Шектеулер басқару параметрлерінің рұқсат етілуге мәндерінің аймағын көрсетеді, ал ол аймақтан кету өзінің салдарымен қауіпсіз нәтиже береді. Бұл аймақ әр түрлі шектеулердің әсерінен – ресурстың мерзімдік және нормативтік заңдылықты сипаттамасы қалыптасады [1].

Шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржылық тұрақтылығы оның сыртқы және ішкі өзгерістеріне жауап беру мүмкіндігін куәландырады. Қаржылық тұрақтылық, бір жағынан, кәсіпорындар қызметтерінің қаржылық, инновациялық, коммерциялық, өндірістік нәтижесі бола отырып, екінші жағынан, аталған қызмет түрлерін тиімді жүзеге асыру шарты болып табылады. Кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы өндірістік бағдарлама, технологияларды, қаржылық ресурстарды онтайландыру арқылы қауіп-қатерлерге басшылықтың жауап беру қабілеттігі сақталатын және дағдарыстық сипаттамалардағы қауіптері болмайтын қоғамдық және экономикалық қатынастар күйі кездерде болады. Басқаша айтқанда, кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы – оның дамуын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және өндірістік қызметін бұзатын сыртқы – ішкі факторлардың әсеріне деген кәсіпорындар қаржыларының қарсы тұру қабілеттілігімен сипатталады.

Төменде 1-суретте қазіргі жағдайдағы Қазақстандағы кәсіпорындардың қаржылық жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін қаржының тұрақтылық көрсеткіштері қарастырылған.


Меншік қаражаттар көздері кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығымен байланысты: меншік қаражаттар көздерінің қоры – кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық қоры. Өз міндеттемелері бойынша мерзімінде есептесетін, айқындалмаған дебиторлық және кредиторлық қарызды болдырмайтын, өзінің жеке қаражаттары есебімен активке салынған

қаражаттарды жабатын (негізгі қорлар, материалдық емес активтер, айналым құралдары) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық тұрақтылығы болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын маңызды көрсеткіш – жеке капиталдың жалпы сомасының кәсіпорынға авансталған барлық құралдардағы үлес салмақ көрсеткіші, яғни жеке капиталдың жалпы сомасының баланс нәтижесіне қатынасы. Бұл көрсеткіш «автономия коэффициенті» деп аталады. Ол арқылы кәсіпорынның қаншалықты қарыз капиталынан тәуелді болатынын анықтаймыз. Батыс тәжірибиесінде бұл коэффициенті 50-60% мөлшерінде ұстап тұру деген пікір бар. Коэффициентті есептегенде меншік және қарыз қаражаттар құрылымымен есептік кезең бойынша оның өзгеруіне көп көңіл бөледі.

Кәсіпорынның сыртқы қарыздар тәуелділік деңгейі қарыз қаражаттарының меншік қаражаттарына қатынасы ретінде реттелетін және меншік қаражаттарының әр бір теңгесіне қанша қарыз қаражаттарының келетінін көрсетеді. Қауіпті деңгейі – 1 (оптималды мөлшері – 0,7), бұл айналымдылығы жоғары салаларға, мысалы саудаға қатысты емес, бұл көрсеткішті басқаша қаржылық тұтқа иығы деп атауға болады.

Нарықтық экономикада қаржылық жағдайдың беталысын анықтау қажеттілігі туындайды. Кәсіпорынға өзіндік қаржы стратегиясын құру қажет. Қаржы стратегиясы – бұл кәсіпорынның жалпы стратегиясының құраушы бөлігі болып саналады. Ол кәсіпорынды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жөніндегі іс-амалдардың бас жоспарын жасау мен оны іске асыру әрекетінен көрінеді. Қаржылық стратегия теориясы іс жүргізудің нарықтық заңдылықтарын зерттейді, кәсіпорынның жаңа ортада тіршілік ету, даму үлгісін жасайды. Қаржылық стратегияға мыналар кіреді: қаржылық жағдайды талдау; кәсіпорын мүлкін оңтайландыру; табысты бөлу, қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ұйымдастыру, салық және баға ұстану саясаты; құнды қағаздар саясаты.



Сурет 1. Кәсіпорынның қаржылық стратегиясын құрастыру үдерісі

Қаржы стратегияларын басты және оралымды, басты стратегиялық мақсат және жекелеген стратегиялық міндеттерді орындау стратегиясы деп бөлінеді. Басты қаржы стратегиясы деп кәсіпорынның ұзақ мерзімді кезеңге арналған қаржылық іс-әрекетін айтады [2].

Егер кәсіпорын өз тәжірибесінде ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және ағымдық қаржылық жоспарлау жүйесін қолданатын болса, онда жоспарлау көлемі де тиісінше бөлшектелінеді. Отандық тәжірибеде ол, негізінен: ұзақ мерзімді жоспарлауда – үштен бес жылға дейін, орта мерзімді жоспарлауда – бір жылдан үш жылға дейін; ағымдық (оралымды) жоспарлауда – тоқсанға, бір айға немесе, егер қажет болса, одан да қысқа мерзімге жасалынады. Оралымды қаржылық стратегияның басты ерекшелігі – мұнда жоспарланған кезең ішінде барлық жалпы табыс пен шығын қаражаттары қамтылады. Табыстар мен шығындарды осылай мұқият есептеп жоспарлаған жағдайда ғана ақша ағынын дұрыс үйлестіріп, пайданың шығыннан басым түсуіне қол жеткізуге болады.

Қаржының басты стратегиялық қызметі – кәсіпорынды оның мақсатын орындауға қажетті әрі жеткілікті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету.

Қаржылық стратегия басты стратегиялық мақсатқа қол жеткізетін тәсілдер мен іс-әрекеттерді қамтиды, атап айтқанда: қаржы ресурстарды құру және оны орталықтан стратегиялық тұрғыда басқару; шешуші бағыттарды анықтап, ресурстарды сонда шоғырландыру; мақсаттарды дәрежесіне қарай бөліп, оларға кезең-кезеңімен қол жеткізу; қаржылық іс-әрекеттің кәсіпорынның экономикалық жағдайы мен материалдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы; әрбір уақыт шегінде кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын шынайы түрде ескеріп отыру; стратегиялық резервтер құру және даярлау; кәсіпорынның және бәсекелестердің экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерін есепке алу; бәсекелестерінен жоғары дәрежеге қол жеткізу үшін күресу және әдіс-амалдар қолдану.

Демек, кәсіпорынның қаржылық іс-әрекеттегі табысы қаржы стратегиясының теориясы мен тәжірибесін ұштастырғанда, сонымен бірге, қаржылық стратегия кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес келген жағдайда ғана толық қамтамасыз етіледі [3].

Қаржы стратегиясы кәсіпорынның қаржы жоспарын жасап, оны орындау үдерісінде, яғни кәсіпорын ішіндегі қаржылық жоспарлауды ұйымдастыру барысында іске асады. Кәсіпорын ішкілік жоспарлауды ұйымдастыруды ұйымдастыруда басым бағыттың бірі – отандық тәжірибеге бизнес-жоспар жүйесін ендіру болып табылады. Бизнес-жоспар кәсіпорын ішкілік жоспарлау құжаты бола отырып, кәсіпорынның өндірістік және коммерциялық іс-әрекетінің барлық негізгі аспектілерін қамтиды. Кәсіпорын іс-әрекетінің барысында кездесуі мүмкін мәселелерді сараптап, соған қоса қаржылық-шаруашылық мәселелерді шешу жолдарын белгілейді. Қазіргі қолданыстағы заңнама бизнес-жоспарды міндетті етіп бекітпейді. Ал дамыған елдер тәжірибесі мен өз кәсіпорындарымыз жинақтаған әзірге тым аз тәжірибесі көрсеткендей, бизнес-жоспар құру - өмір талабы болып отыр. Осы тұста отандық кәсіпорындардың өндірістік, техникалық, қаржылық жоспарларын әкімшілік басқару жүйесінде құруы мен іске асыруын және оның маңызды құраушы бөлігі – төлемдер күнтізбесін салыстырма түрінде келтіруге болады. Төлемдер күнтізбесі кәсіпорынның барлық табысы мен шығысын өзара үйлестіре отырып, дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Күнтізбе құру міндеті емес, дегенмен, көптеген кәсіпорындардың үнемі төлем күнтізбесін жасауы оларға ауыр қаржылық жағдайы кезеңі туындайтынын алдын ала көріп-біліп, уақытша қаржылай қиындықтарды жоюға қосымша ресурстар табу үшін дер кезінде қажетті шара қолдануға мүмкіндік береді. Бизнес-жоспарын қаржы бөлімінің төлемдер күнтізбесі секілді кәсіпорын ішкілік жоспарлау құжатымен салыстыруға болмайды. Олардың тек жекелеген жоспарлау әдістері ғана ұқсас. Нақтырақ айтқанда, бизнес-жоспар оралымды және орта мерзімді жоспарлау мәселелерін шешетін және стратегиялық мақсатқа ие болумен қатар, шетелдік әріптестермен іскерлік қарым-қатынас орнаған (немесе кеңейген) жағдайда, сыртқы экономикалық мәселелерді де шешуге бағытталады. Бизнес-жоспар құрудағы шетелдік және отандық тәжірибеге сүйенер болсақ, оның ең маңызды бөлігі – қаржылық жоспарлау екендігіне көзіміз жетеді. Қаржылық бөлім (қаржылық жоспар) қаржылық нәтижелер болжамын қамтиды, бұл – қосымша инвестициялық мұқтаждық және қаржыландыру көздерін құру; дисконтталған ақша қорларының үлгісі; залалсыздық нүктелерін анықтау және т.б. құжаттар жасау деген сөз [4].

Сонымен қатар, қаржылық жоспар құру кезінде кәсіпорынның қаржылық дамуына қажетті қаражаттарды анықтау үшін қаржылық жоспарды инвестициялық жоба ретінде бағалауды қажет етеді деп болжанады. Бұл дегеніміз – бизнес-жоспарда қарастырылған қаржы жұмсалымдары экономикалық тиімділік жағынан негізделген болуы тиіс. Жоспардың басқа бөлімдеріндегі барлық көрсеткіштердің негіздемесі болғанда ғана қаржылық нәтижелер болжамы нақты болады. Мысалы, сатудан түскен табыс болжамдық бағаға сүйеніп анықталады және түбегейлі маркетингтік зерттеулерге негізделуі тиіс. Болжамдық есептеу дәлдігіне өндіріске жұмсауы жоспарланған материалдар мен шығындар көлемі көбірек ықпал етеді. Оны анықтау кезінде жоспарлық кезең ішінде орын алуы мүмкін өзгерістерді ескере отырып, есептеулерді бірнеше нұсқада жасау қажет. Сатылым көлемін, сатылған өнімді өндіруге жұмсалған шығындар, сатылымнан бөлек операциялардан келген табыс пен шығынды болжап, өндірісті дамытуға және өнімді өткізуге қажет қосымша резерв көздерін табуды көздеу керек. Мұндай қосымша мүмкіндіктер кәсіпорын іс-әрекетінің бейіміне қарай құрылған бизнес-жоспарда белгіленуі мүмкін. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық іс-әрекетін талдау нәтижесінде анықталған қосымша қаржы мүмкіндіктері шынайы бағалануы үшін оны жоспарлық кезеңнің әр түрлі мүмкін жағдайын ескере отырып, бірнеше нұсқада жасау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаржылық менеджмент: оқулық / Б. С. Есенгельдин, Е. Т. Ақбаев. – Алматы : Дәуір, 2011. – 288 б
2. Қаржылық талдау: Оқулық / Т. Ж. Демесінов ҚР Білім және Ғылым мин-гі. - Алматы: Дәуір, 2011. - 320 б
3. Дюсембаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау, А., Экономика. 2007 ж-230б.
4. Тони Райс, Брайн Койли «Қаржылық инвестиция және тәуекелділік», 2005ж.

ОӘЖ 336.647

КӘСІПОРЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ БОЛЖАМДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орынбек Диана Дәуренқызы

diko_96_1996@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ғ.Е. Керімбек

Қаржылық болжамдау – болашақтағы экономикалық жүйелердің жағдайын және экономикалық объектілерді сонымен қатар олардың сипаттамалары туралы болжамдарды әзірлеу және құру үдерісін қалыптастыру болып табылады.

Қаржылық болжамдаудың мақсаты – қаржылық ресурстардың болжамданған көлемін бағалау, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қаржылық қамтамасыз етудің артықшылышты нұсқаларын анықтау болып табылады.

Қаржылық болжамдау үдерісінде қаржылық көрсеткіштерді есептеу үшін мынандай әдістер қолданылады:

- сараптамалық бағалау әдісі;
- терндтік әдіс;
- экономико-математикалық модельдеу әдісі;
- қаржылық математика әдісі.

Сараптамалық бағалау әдісі – белгілі бір сұарқ бойынша сарапшы мамандар бағалардың математикалық өңделуін және жалпылауын ұсынады. Бұл әдістің тиімділігі сарапшылардың кәсібилігіне және біліктілігіне байланысты. Осындай болжамдау жеткілікті